

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 50 (961) 17 қараша 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ ӨТТІ

2023 жылғы 13 қарашада аудан әкімі Б. А. Әлжановтың қатысуымен сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Сессия жұмысына аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы О. Г. Нероба, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Ш. Қ. Сәрсенов, Тайынша қаласының және ауданның ауылдық округтерінің әкімдері қатысты.

Депутаттар қараған мәселелер және қабылданған негізгі шешімдеріне келсек, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2023-2025 жылдарға арналған ауданның, Тайынша қаласының, Большеизюмов, Зеленогай, Драгомиров, Келлер, Краснополя, Летовочный, Тихоокеан, Яснополя ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сөз болды.

Ауданның, Тайынша қаласының және ауылдық округтердің 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджеттерін нақтылау бойынша да шешімдер қабылданды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу сияқты мәселелер халық қалаулыларының қарауына ұсынылды.

Тайынша ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту, жылына 1 рет 2 АЕК мөлшерінде төлем түрінде әлеуметтік қолдау көрсету,

Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту, әлеуметтік көмек мөлшерін 35 АЕК-ке дейін ұлғайту бойынша да сұрақтар қаралды. Барлық қаралған мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

Тайынша ауданының запастағы әскери міндеттілері, сіздерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырамыз

Отанға қызмет ету әр азаматтың міндеті мен құрметі болып табылады.

Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен, Ұлан-байтақ жерімізді қорғап келді. Ендігі бізге аманат етілген Ұлан-байтақ жеріміз, өзен-көлдеріміз, Еліміздің салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын сақтау бізге аманат етілді.

Әрбір елдің Әскери Күші өз елінің айбыны болып табылатыны анық, Әскердің күш-қуаты мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепіл бола алады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне жоғары білімді жастар және өз ісінің мамандары шақырылады

- Командалық-тактикалық танк әскерлері
- Командалық-тактикалық артиллерия әскерлері
- Командалық-тактикалық мотоатқыштар әскерлері
- Командалық-тактикалық қамтамасыз ету әскерлері
- ҚР ҰҚ шекара қызметі
- Командалық-тактикалық Десантты шабуылдаушы әскерлері

- Шақыртылуға жататын шарттар;
- Запастағы офицерлер
- Қазақстан Республикасының азаматтағы;
- Денсаулығы жарамды;
- Әскерде болған, әскери мамандығы, міндеті болуы керек;
- сотталмағаны болу шарт.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне бару үшін 1. Солтүстік-Қазақстан облысы, Тайынша ауданы Қорғаныс Істері жөніндегі бөліміне (военкомат) келіп мәліметтер алуға болады

Келісімшарт қызметіне шақыру мекенжайымыз: Тайынша қаласы, Светлый шағын ауданы 7

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданының, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі тел: 8 (71536) 2-13-70, тел: 8 (71536) 2-31-11.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ БАЛАЛАРДЫ ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА ШАҚЫРДЫ

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният бүгін барлық қазақстандық ата-аналарға балаларын қызылшаға қарсы уақтылы вакцинациялауға шақырды. «Бүгін немерем екеуміз әлемнің көптеген елдеріндегі біздің еліміздегі қолайсыз эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, қызылшаға қарсы екпе алу үшін қалалық емханаға келдік. Сонымен қатар, Қазақстанда эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы қыркүйек айынан бастап байқалды, балалар ұзақ уақыт жабық үй-жайларда өткізетін мектепке барды», - деді министр бүгін Астана қаласының 9 емханасында.

Ол бұл инфекцияның әсіресе жұқпалы екенін, жөтелгенде, түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тез берілетінін атап өтті. «Сондықтан біз соңғы екі айда бұл аурудың күрт өскенін көріп отырмыз. 13 мыңнан астам адам ауырып қалды, оның 83%-ын негізінен 5 жасқа дейінгі балалар құрайды, егілмеген ересектер де бар», - деп жалғастырды Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы. Бұл жағдайда науқастардың 70%-ы егілмеген балалар.

«Олардың көпшілігі, яғни 60%-ы вакцинациялаудан бас тартуға байланысты егілмегендер, медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты 18% егілмегендер, 22% егу жасына жетпегендер. Бүгінгі таңда барлығы 2013 бала, оның ішінде 30 бала ауыр жағдайда емдеуге жатқызылды», - деді министр.

А. Ғинияттың айтуынша, қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуі аясында қосымша иммундау жүргізу туралы шешім қабылданды. Ол қаңтар айының соңына дейін созылады, вакцина жеткілікті.

«Қызылшаға қарсы профилактикалық екпесі жоқ

балаларды егеміз, инфекция ошақтарында екпе алмаған байланыста болғандарды егеміз. Баршаңызды аурудан сақтану үшін емханаға шақырамыз», - деді министр.

Денсаулық сақтау министрі инфекциялық аурудың салдары туралы ескертті.

«Қызылша пневмония, түрлі қабыну, отит секілді, соңғылыққа дейін қауіпті асқынуларға әкелуі мүмкін. Бүгінгі таңда қызылшаны емдеудің өзіне тән емі жоқ, сондықтан мұндай қауіпті инфекциядан сақтанудың жалғыз жолы - тек вакцинациялау. Вакцинаның өзінен қорықпау керек, ол тексерілген, біз оны жыл сайын ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес қолданамыз», - деп қорытындылады ведомство басшысы.

Вакцинациялау ережелеріне сәйкес иммундау педиатр баланы тексергеннен кейін ғана жүргізіледі, оған анамнез жинау, температураны өлшеу, егілетін адамның жағдайын бағалау кіреді, содан кейін егуге ақпараттандырылған келісімге қол қойылады. Әрі қарай, иммундаудан кейін 30 минуттың ішінде егілген нәресте дәрігерлердің бақылауында болады.

Қызылшаға қарсы профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес біздің елде жоспарлы түрде екі рет егілетінін естеріңізге сала кетейік: бала алғашқы егуді 12-15 айлығында, екіншісін - 6 жаста алады.

Ағымдағы жылы ДМИ шеңберінде вакцинациялау халықтың мынадай топтарына: 6 айдан бастап 10 ай 29 күн болған балаларға, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күн болған балаларға, сондай-ақ бұрын егілмеген медицина қызметкерлеріне (55 жасқа дейін), профилактикалық егпе алмаған 18 жасқа дейінгі адамдарға жүргізіледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ҚЫЗЫЛША!!!



шекаралас елдерде, сондай-ақ халықтың сыртқы көші-қоны (оқыту, еңбек көші-қоны, демалыс және т.б.) бар елдерде қызылша ауруының тіркелуі инфекцияның әкелінуіне және Қазақстанда қоздырғыштың айналымының өсуіне әкелді.

Ауру көбінесе вакцинацияланбаған балалар арасында тіркеледі, олар 76% құрайды (436 жағдай). Олардың ішінде егу жасына (1 жасқа толмаған) – 272 (62%), вакцинаға медициналық қарсы көрсетілім – 119 (27%), бас тартуға – 45 (11%) жетпеу себебінен егілмеген.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, 102-бабының 1-тармағына сәйкес, 11 мыңнан астам қызылша ауруына шалдыққан халық арасында қызылшамен сырқаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында, оның 70% - дан астамын вакцинацияланбаған балалар құрайды. Бассанитариялық дәрігер 2023 жылғы 1 қарашада № 7 "қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды өткізу туралы" қаулы шығарды. Қаулыда бірінші тармақта - қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау (бұдан әрі – қызылшаға қарсы ҚИШ): 6 айдан 10 айға дейінгі балаларға 29 күн, 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан 11 ай 29 күн, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен вакцинацияланушының немесе ата-анасының (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін қызылшаға қарсы профилактикалық иммундауы жоқ денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне жүргізілетіні атап өтілді.

Қосымша иммундау үш кезеңде өтеді :

- 06.11.2023 ж. бастап-6 айдан 10 айға дейінгі балалар 29 күн

- 05.12.2023 ж. бастап - қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалар 11 ай 29 күн

- қызылшаға қарсы профилактикалық иммундауы жоқ медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері

Вакцинация Тайынша КАА, Чкалов ДА, Келлеровка ДА, Ясная Поляна ДА, Большеизюм ДА кабинеттерінде жүргізіледі. Сондай-ақ, қосымша иммундау кезеңінде Тайынша ауданы бойынша қосымша иммундау жүргізу үшін бес егу бригадасы жұмыс істейтін болады.

Тайынша орталық емханасының мәліметтері.

«ЗЫМЫРАН-2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ



«Зымыран-2023» республикалық командалық штабтық оқу жаттығу аясында, ауданымызда арнайы тактикалық оқу-жаттығуы жиыны өткізілді.

Тайынша қаласында орналасқан сирена-хабар тарататын қондырғы мен жергілікті ескерту жүйелері іске қосылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу құралдарының дайындығы тексерілді.

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшыру кезінде зымыран-тасығыштардың аварияларымен байланысты төтенше жағдайлар болған кездегі іс-қимылдарға Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарының, күштері мен құралдарының әзірлігі тақырыбы бойынша «Зымыран-2023» республикалық командалық штабтық оқу жаттығу аясында, ауданымызда арнайы тактикалық оқу-жаттығуы жиыны өткізілді. Оқу-жаттығу жиынына аудан әкімінің экономика, құрылыс және жедел мәселелер жөніндегі орынбасары, төтенше жағдайлар кезінде шұғыл әрекет ету отрядының бастығы Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы жетекшілік жасап, сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Г.Қ.Бәтенова мен аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Б.Мұхаметғалиева, төтенше жағдай туындаған кезде зардап шеккендерге шұғыл медициналық және дәрігерлік көмек көрсету үшін аудандық орталық ауруханасының жедел-жәрдем бөлімшесі және Тайынша ауданының азаматтық қорғау күштері толығымен қатыстырылды. Аталған оқу-жаттығудың негізгі мақсаты - басқару органдарының, ауданның Төтенше жағдай жөніндегі комиссиясының, аудандық шұғыл әрекет ету жасағының төтенше жағдайлардың салдарын жою кезіндегі іс-қимылдарға дайындығын тексеру және бағалау болып табылады.

Арнайы жоспар бойынша Тайынша қаласы шетіне «Протон» зымыранының бөліктері құлады. Салдарынан апат орын алып, тұрғын үйлер мен ауыл шаруашылық нысандарына зақым келді. Мұндай сәтте жергілікті азаматтық қорғау қызметінің өкілдері жылдам әрекет етті. Тайынша агробизнес колледжінде дереу арада эвакуациялық пункт те құрылды. Оқу-жаттығулар барысында қаланың барлық азаматтық қорғау қызметі кіретін бөлімдер күшейтілген тәртіпке келтірілді. Осы өткізілген іс-шараға өртке қарсы қызметтің, инженерлік-техникалық қызметтердің, сондай-ақ, медициналық ұйымдардың және жедел әрекет ету күштері мен құралдары тартылды. Тактикалық арнайы оқу-жаттығулардың негізгі мақсаты - азаматтық қорғау органдарының барлық буындарының өзара іс-қимылы, жедел штабтық және азаматтық қорғауды қалыптастыру қызметтерінің жұмысын пысықтау болғандықтан, командалық – штабтық оқу-жаттығу алдына қойылған барлық міндеттер 100% орындалды. Тайынша ауданы бойынша мобилизациялық дайындық, аумақтық және азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар жөніндегі бас маман инспектор Қ.С. Темірбековтың ойы бойынша мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесіне жүктелген барлық тапсырмалар толық көлемде орындалды. Мамандар өздерін жақсы қырынан көрсете білді.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.

• БАСПАСӨЗ – 2024 • БАСПАСӨЗ – 2024 •

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Өз газеттеріңіз, сүйікті басылымдарыңыз – «Тайынша таңына» 2024 жылға жазылу жүріп жатқанын назарларыңызға саламыз.

Газетімізге 6 айға аудандық «Қазпошта» арқылы 780 және 1 жылға 1360 теңгеге жазылуға болады. Сонымен бірге редакцияның өзінде де жазыла аласыздар. Газеттің индексі – 65710.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ТОЙХАНА АШЫЛДЫ

Аудан орталығы Тайынша қаласында Исакова Баян Делдешқызы өз қаражаты есебінен тойхана салды. Қазіргі заманға сай жасалған тойхана бір мезгілде 100 қонақты күте алады.

Тойхана арнайы тоқ пештерімен қоса, ыдыс-аяқ жабдықтарымен толықтай қамтамасыз етілген. Жеке кәсіпкердің тойхана құрылысы осыдан 2 жыл бұрын басталып, жақында аяқталып отыр. Жаңа заманға сай салынған тойхана ішіне енген қонақтар сәулетті нысанның безендірілуіне жоғары баға берді. Жүз адамдық тойхана расымен де көрер көзге ерекше тартымды. Сол жерде тойхана иелері келушілерге арнап дастарқан жайып, құрмет көрсетті. Келуші қонақтар «Тойханада той болсын», - деп игі тілегін айтып тарқасты.

Осы тойхананы ашу арқылы әзірге 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз еттік. Жалпы, бұл тойхана пайда табу үшін емес, халықтың игілігіне қызмет көрсету мақсатында салынып отыр. Сондықтан, жаңа үлгідегі мейрамхана аудан тұрғындарының көңілінен шығады деген үміттеміз, – дейді жеке кәсіпкер Баян Делдешқызы бізге берген сұхбатында. Сонымен қатар, бүгінгі негізгі кейіпкеріміз Баян ханым осы тойхананың ашылуы отбасымызбен бірге жоспарлағанын, сәні мен сәулетін ойластырып бірлесе еңбек атқарғандарын ерекше толғана айтты. Әсіресе күйеу баламыз Асланның еңбегі ерекше деп айтқым келеді, осы тойхананың қалай аталғаны дұрыс болады деп отбасымызбен ойландық, сол кезде «Шаңырақ» деп атауын берген күйеу балам, - дейді кәсіпкер.

Салтанатты шараны Тайынша қаласының әкімі В.А.Шпаковский ашып берді. Кәсіпкерлік нысанның алқызыл лентасы қиылып, салтанатты түрде нысанның ашылу рәсімі жасалды. Қазақтың салт-дәстүрімен шашу шашылып, жиналғандар игі тілектерін айтып жатты. Кәсіпкер Исакова Баян Делдешқызы өз ойын қорытындылап: - Біз өз ауданымыздың көркеюіне тамшыдай болса да үлес қоссақ, сол азаматтық парызымыз деп білеміз, - дейді. Ендеше, бұған біздің де қосып айтар тілегіміз: - «Шаңырақ» тойханасында өтетін тойлар көп болып, Халықтың алғысына бөлене беріңіздер!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУУЫ

Биыл экономикалық тәуелсіздігіміздің нышаны, Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл және Қазақстан Республикасының қаржы секторындағы көшбасшылардың бірі – «Қазақстан Халық Банкінің» 100 жылдық мерейтойы. Тарихи тұрғыдан алғанда шамалы кезең ішінде еліміз тұтас дәуірге барабар жолдан өтті. Ұлттық валюта елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етті, оны айналымға енгізу арқылы ауқымды нарықтық қайта құруға жол ашылды. Бүгінде елімізде заманауи нарықтық экономика құрылды. Қазақстан әлемдік достастықта көптеген елдер үшін сенімді әріптес бола отырып, өзінің дербес жолымен даму үстінде.

Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, өзінің ұлттық валютасы бар.

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық

үшін ерекше маңызы бар күн. Бұл күні егемен еліміздің тәуелсіздігінің айрықша белгісі – ұлттық валютамыз теңге айналымға енгізілді. Тарихи жаңалық Қазақстанның экономикалық кеңістігін қалыптастырып, қаржы рыногындағы даму негізін қалады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыратын, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін және мемлекеттік статистиканы жүргізетін, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдары мен өзге де тұлғаларды және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. Осындай міндеттерді ойдағыдай атқара отырып, Валентина Кузнецова ханым басқарып отырған Тайынша аудандық № 251800 Халық банкі халыққа қалтқысыз қызмет атқаруда. Бүгінгі таңдағы еңбек атқаратын барлық 11 қызметкер өз ісінің мамандары. Олар: басқарма басшысы В.В. Кузнецова, аға менеджер Г.Т. Сүйіндікова, менеджер К.Е. Гейслер, консультант А.Л. Буякина, заңды тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі менеджер М.К. Кеңесова, бағдарламашы О.А.Зель, операциялық кассаның басшысы А.В. Намазова, аға кассир Д.Р. Калиева және банк кассирлері Г.Р.Акимова, А.Х. Жетпісова, Л.В. Горбачева. Соңғы 5 жылда В.В. Кузнецованың басшылығымен ұйымшыл ұжымда біршама қызмет түрлері қосылды, жаңаша заман талабына сай қызмет түрлері атқарылуда. Аудан бойынша 5 банкомат қалтқысыз жұмыс атқарып тұр. Банкке келген кез – келген адамға тиісті кеңес беруді де банк қызметкерлері бұлжытпай орындайды. Зейнеткер, қария адамдар да келіп өздері банктің қызметтерін пайдалана алады. 70 жасқа дейінгі зейнеткерлердің несие алуға құқығы бар. Зейнетақысының мөлшеріне қарай 4 миллионға дейін несие алу мүмкіндігі бар. Осы банктің төлем карточкаларын аудан халқының 90 пайызы қолданады. Халықтың несие алу



Құрметті қаржы саласының қызметкерлері, әріптестер!
Сіздерді кәсіби мереке Ұлттық валюта және Теңгенің 30 жылдығымен құттықтаймын!
Сіздер мемлекет қаржысын көбейтетін адал қызметкерсіздер. Теңгеміз құнды, экономикамыз мықты болсын! Құрметті әріптестер! Сіздерге зор денсаулық, табысты еңбек, отбасыларыңызға бақыт-береке тілеймін!

**Валентина Кузнецова,
№ 251800 Халық Банкі
Басқармасының басшысы.**



мекемелермен қатар, жеке кәсіпкерлер мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер біздің банктің қызметін пайдаланады, бүгінгі таңда олардың саны 834-ке жетті, дейді басшы. Иә, теңге – тәуелсіздіктің шынымен де тартуы. Бүгінгі таңда ұлттық валюта- теңге айналысқа шығып, елдің тәуелсіздігінің нығаюына, халықтың және кәсіпорындардың сеніміне ие болып, ел тарихында тәуелсіз, егемен мемлекеттің міндетті рәмізі екенін дәлелдеп, мемлекеттің қаржы-несиелік саясатына орасан зор ықпалын тигізуде. Ұлттық валютамыздың келуі – Тәуелсіздігіміздің қалыптасуына, сондай-ақ еліміздің экономикалық және саяси өміріне ерекше әсер берді. Жыл сайын қараша айының 15 жұлдызында, біз ел болып қаржы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өтеміз. Құрметті қаржы қызметкерлері! Ауданның тиімді дамуы – сіздердің ерен еңбектеріңіздің жемісі, тәжірибелеріңіз бен ұмтылыстарыңыздың нәтижесі. Мерекелеріңіз құтты болсын!



байлығы. Теңге – біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. 15 қараша – еліміздің банк қызметкерлері

көрсеткіші де жоғары. Депозиттер ашу, балаларға есепшот ашу сияқты қызметтер тағы бар. Банк ішіндегі 2 төлем терминалы алысқа бармай уақыт үнемдеу мақсатында өте қолайлы. Мемлекеттік

